ЛЕГКАЯ ПРОМЫШЛЕННОСТЬ

Январь-ноябрь 2022 г.

154,5
МЛРД ТГ



106,9%
ИФО

$71,3
МЛН

ЭКСПОРТ

РЫНОК

$2 380,5
МЛН

ИМПОРТ

Данные по рынку, экспорту и импорту за январь-октябрь 2022 г.



ПРОИЗВОДСТВО В РЕГИОНАХ

АО «Казахстанский центр индустрии и экспорта «QazIndustry»
РК, 010000 г. Нур-Султан, пр. Кабанбай Батыра, 17, тел: +7 (7172) 79 33 90 www.@qazindustry.gov.kz

2022 ж. қаңтар-қарашадағы жеңіл өнеркәсіп

Жеңіл өнеркәсіп **өнімі өндірісінің көлемі** 2022 жылғы қаңтар-қарашада **154,5 млрд теңгені** құрады, бұл, номиналды көріністе 2021 жылғы осы кезеңнен 23,1% жоғары. Өсу жеңіл өнеркәсіптің барлық ішкі салаларында байқалады.

Тоқыма бұйымдары өндірісінде (+31,7%), киім (+14,3%), былғары және оған жататын өнім (+11,5%).

Жеңіл өнеркәсіп өнімінің **физикалық көлем индексі** 2022 жылғы қаңтар-қарашада 2021 жылғы қаңтар-қарашамен салыстырғанда **106,9%** құрады. ФКИ өсуі барлық кіші салаларда байқалады.

Текстиль бұйымдар өндірісінде (108,1%) киім өндірісінде (106,8%) былғары және оған жататын өнім өндірісінде (102,2%) .

Тоқыма өнімі өндірісінде (+8,1%): текстиль өнеркәсібінің төмендегі тауарлары бойынша ең жоғарғы өсу болды: мақтадан жасалған түкті сүлгілер және осыған ұқсас түкті маталар *2,6 есе,* синтетикалық штапель талшықтардан жасалған маталар *2,1 есе,* төсек жабдығы *2,4 есе,* қалдықтарды қоспағанда, арқан-жіп бұйымдары, тросс, арқандар, шпагат және торлар *42,1%.*

Киім өндірісінде (+6,8%): осы сектордың төмендегі тауарларында ең жоғарғы өсу байқалады: былғары немесе композициялық былғарыдан жасалған киім *6,7 есе,* әйелдерге арналған жұмыс киімі *2,5 есе,*

жұмсақ немесе жоғары жағалы машинада немесе қолмен тоқылған мақта немесе химиялық талшықтардан жасалған жеңіл джемперлер мен жұқа пуловерлер *2,2 есе,* шұлық бұйымдары және трикотаж аяқ киім *90,3%,* ерлерге немесе ұл балаларға арналған пиджак және блейзерлер, жакет, пиджак сияқты курткалар *76,4%.*

Былғары және оған жататын өнім өндірісінде (+2,2%): тауарларда ең жоғарғы өсу: спорттық аяқ киімді қоспағанда, үсті тоқыма материалдардан жасалған аяқ киім *24,7 есе,* қойдың, ешкінің немесе шошқаның түксіз терісі *2,6 есе,* үстіңгі жағы резеңке су өткізбейтін аяқ киім *2,5 есе,* түксіз ірі қара немесе жылқы терісінен жасалған былғары *29,4%,* спорттық аяқ киімдерден басқа, үстіңгі жағы былғарыдан жасалған аяқ киім, тұмсықты қорғайтын металл қалпақшасы бар аяқ киім және әртүрлі үлгідегі арнайы аяқ киім *24,2%.*

Жеңіл өнеркәсіп өнімі **экспортының көлемі** 2022 жылғы қаңтар-қазанда 71,3 млн АҚШ долл. құрады, бұл, 2021 жылғы осы кезеңнен 8% жоғары. Экспорттың өсуі тоқыма бұйымдары тауарларында 3,5%, киім 55,1% байқалады. Алайда, экспорт жеткізулерді қысқарту төмендегі тауарларда байқалады: резеңкеден немесе пластмассадан жасалған табаны мен үстіңгі жағы бар аяқ киімді жеткізудің 72,7% төмендеуіне байланысты былғары және оған жататын өнім *24,8%,* табаны резеңкеден, пластмассадан, табиғи былғарыдан немесе композициялық былғарыдан жасалған басқа аяқ киім 52,5%, дымқыл күйдегі ірі қара мал терісінен иленген былғары *24%.*

Негізгі экспорт елдері: Ресей, Қытай, Түркия.

Жеңіл өнеркәсіп өнімі **импортының көлемі** 2022 жылғы қаңтар-қазанда 2 380,5 млн. АҚШ долл. құрады, бұл, осындай кезеңмен салыстырғанда 28,2% жоғары.

Импорт жеткізулердің өсуі дайын киім тауарлары бойынша *75,4%*, текстиль бұйымдары бойынша *4%*. Алайда, былғары және оған жататын өнім тауарларында импорттың *14,5%* төмендеуі байқалады. Негізгі импорт елдері: Қытай, Түркия, Ресей.

2022 жылғы қаңтар-қазанда ҚР **жеңіл өнеркәсіп нарығының көлемі** 2,6 млрд АҚШ долл. (1 193 млрд теңге) құрады, онда, ОТӨ үлесі 8%, импорт өнім үлесі – 92%.

Сала төрт өңірде жоғары **аумақтық шоғырланумен** ерекшеленеді: Шымкент қ. және Алматы қ., Түркістан және Алматы облыстарында. Шымкент қ. жеңіл өнеркәсіп үлесі республика өндірісінің жалпы көлемінен 20% құрайды. Түркістан облысында – 16%, Алматы қ. 9,6% жуық, Алматы облысы – 6,6%.